Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

# Shet shuǵylasy

Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıasi gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 26 aqpan 2026 jyl №08 (11 204)



Президент тапсырмасын орындай отырып

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІСІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ






**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі тауардың 60 пайызы теміржолмен тасымалданатынын, сондықтан теміржол желілерін барынша дамыту - айрықша маңызды міндет екенін атап өтті. Президент биыл «Мойынты-Қызылжар», «Дарбаза-Мақтаарал» бағытындағы жаңа теміржол желілерін іске қосуды міндеттеді.**

Жуырда әкімі М.Мұхтаров «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы өкілдерімен «Мойынты-Қызылжар» жаңа теміржол желісін салу жобасы бойынша маңызды кездесу өткізді.

Аудан әкімдігі тарапынан «Мойынты-Қызылжар» жаңа теміржол жобасын іске асыру мақсатында жер телімдерін мемлекеттік мұқтаждар үшін беру және рәсімдеу шаралары қатаң бақылауға алынды. Аудан әкімі тиісті сала басшылары мен мамандарға өтінімдерді уақтылы қарап, заң аясында қолдау көрсетуді тапсырды.

Айта кетейік, бүгінде теміржол саласына баса маңыз беріліп отыр. Мемлекет басшысы «Солтүстік-Оңтүстік» көлік дәлізі Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің нарығына тікелей жол ашса, «Шығыс-Батыс» дәлізі мен Қытайдың «Бір белдеу, Бір жол» жаһандық бастамасы Қазақстанның Еуразиядағы негізгі құрлық жолы ретіндегі рөлін күшейтеді. Осыған орай «Қазақстан темір жолы» ұзындығы 836 шақырым болатын «Достық-Мойынты» теміржолының екінші желісін мерзімінен бұрын іске қосқан болатын. Бұл ел тарихындағы ең ірі әрі стратегиялық маңызы бар теміржол құрылысы болып отыр. Бұл жоба еліміздің транзиттік әлеуетін нығайтып, ТрансҚазақстан теміржол дәлізін дамытуға серпін береді.

Ал, ТрансҚазақстан теміржол дәлізіне ауданымыздың Қара-мұрын, Дәрия, Жарық, Нілді, Айса, Ақадыр, Доңғал, Босаға, Ақшағыл, Киікті, Мойынты елді мекендері кіретіндігін ескерсек, бұл - ауданымыз үшін жаңа мүмкіндік.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**

Жаңа Конституция - бірлігіміздің тірегі

## ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫНА, ӘДІЛ ҚОҒАМҒА ДЕГЕН СЕНІМ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Конституцияны қабылдау мәселесі бойынша 2026 жылдың 15 наурызында Республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.

Жаңа Конституцияның басты мақсаты - әділ, құқықтық және демократиялық мемлекет құру. Онда адам құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде айқын көрсетілген. Әр азаматтың өз пікірін еркін білдіруіне, заң алдында тең болуына ерекше мән берілген. Бұл қоғам үшін аса маңызды қадам.

Сонымен қатар, Конституция жобасында билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік күшейтілді. Парламент пен мәслихаттардың рөлінің артуы мемлекеттік басқаруды ашық әрі жауапты етеді. Бұл өзгерістер халықтың ел басқару ісіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жаңа Конституцияда жер мен табиғи ресурстардың халыққа тиесілі екені нақты жазылды. Бұл



ұлттық байлықтың ел игілігі үшін әділ пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

Жаңа Конституция жобасын қолдау - бұл тек заңды өзгерту емес, елдің болашағына, әділ қоғамға деген сенім. Әрбір саналы азамат бұл бастаманы қолдау арқылы Қазақстанның дамуына өз үлесін қоса алады.

**Б.БАДАНОВ,**
**"Amanat" партиясы Шет аудандық филиалының төрағасы.**

Сұхбат

## РЕФЕРЕНДУМ - ХАЛЫҚ ҮНІ

**Сайлау мен референдум - демократиялық қоғамның маңызды институттарының бірі. Әсіресе, ел өміріндегі аса маңызды мәселелерді шешуде референдумның орны бөлек. Бұл - азаматтардың мемлекет тағдырына қатысты шешім қабылдауға тікелей қатысуына мүмкіндік беретін саяси тетік.**

**Жуырда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылдың 15 наурызында Республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.**

**Референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау мәселесі халықтың талқысына ұсынылмақ.**

**Осыған байланысты Шет аудандық аумақтық референдум комиссиясының төрағасы Берікбол Амангельдиновпен сұхбаттасқан едік.**



**- Берікбол Дәулетұлы, жалпыұлттық референдум институтының маңызы туралы айтып өтсеңіз.**

- Жалпыұлттық референдум - тікелей демократияның ең жоғары нысаны әрі халықтың өз еркін білдіруінің конституциялық жолы. Ата Заңымызда халық билікті республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асыратыны нақты көрсетілген. Сондықтан мұндай саяси науқандар ел дамуының маңызды кезеңдерінде өткізіледі. Референдум қоғамдағы маңызды мәселелер бойынша халықтың пікірін айқындап, ортақ шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

**- Алдағы 15 наурызда өтетін референдумның маңыздылығы қандай?**

- Биылғы 15 наурызда өтетін республикалық референдум - еліміздің саяси өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі. Референдум арқылы азаматтар мемлекет дамуына қатысты маңызды мәселеге өз көзқарасын білдіре алады. Сондықтан бұл науқанға үлкен жауапкершілікпен қарау қажет. Осындай саяси шараны заң талаптарына сәйкес жоғары деңгейде ұйымдастыру - референдум комиссияларының басты міндеті.

**- Шет ауданында дайындық жұмыстары қалай жүргізілуде?**

- Қазіргі уақытта ауданымызда референдумға дайындық жұмыстары бекітілген күнтізбелік жоспарға сәйкес жүргізілуде. Аудан аумағында 1 аумақтық және 48 учаскелік референдум комиссиясы жұмыс істейді. Комиссия мүшелері арнайы оқытудан өтіп, әдістемелік семинарларға қатысуда. Сонымен қатар дауыс беру учаскелерінің материалдық-техникалық жағдайы пысықталып, қажетті құрал-жабдықтар жергілікті атқарушы органдар тарапынан қамтамасыз етілуде.

**- Референдумның ашық әрі әділ өтуі қалай қамтамасыз етіледі?**

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес референдум үдерісі ашықтық және жариялылық қағидаттарына негізделеді. Дауыс беру учаскелерінде байқаушылар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады. Барлық жұмыстар заң аясында ұйымдастырылады. Басты мақсатымыз - азаматтарға өз таңдауын еркін жасауға жағдай жасап, референдумның әділ әрі ашық өтуін қамтамасыз ету.

**- Аудан тұрғындарына айтар тілегіңіз?**

- Барша аудан тұрғындарын алдағы республикалық референдумға белсенді қатысуға шақырамын. Әр азаматтың дауысы маңызды. Сондықтан 15 наурыз күні өз таңдауыңызды жасап, азаматтық ұстанымдарыңызды білдіреді деп сенемін.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**

Өз құқығыңды біл!

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ - ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

**Мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау және олар бұзылған жағдайда қалпына келтіру Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті қызметінің негізгі басым бағыттарының бірі болып саналады.**

**Бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар мемлекеттік аппараттың тиімді қызмет етуіне және қызметшілердің әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған.**

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің еңбекті және денсаулықты қорғауға, қауіпсіз әрі тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларына, сондай-ақ, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қорғалуға толық құқығы бар. Осы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Департамент тарапынан жүйелі түрде талдау және бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Атап айтқанда, 2025 жылы мемлекеттік қызметшілердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шығу мәселесіне кешенді талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде бірқатар заңбұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды. Соның ішінде еңбек демалысына байланысты төлемдердің уақытында берілмеу фактілері тіркеліп, 146 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары толық көлемде қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту мәселесі де Департаменттің ерекше бақылауында. Жұмыс уақыты режиміне жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша 2025 жылдың 12 айында 180 мемлекеттік қызметшінің үстеме жұмысқа тартылғаны анықталып, заңнама талаптарына сәйкес оларға тиісті тынығу сағаттары берілді.

Бұдан бөлек, тәртіптік жазаларды қолдану тәртібінің бұзылуына қатысты деректер де анықталды. Нәтижесінде жүргізілген бақылаудың қорытындысы бойынша 4 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Сондай-ақ, профилактикалық іс-шаралар мен жоспардан тыс бақылаулар жүргізу барысында 10 азаматтың және 5 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Мемлекеттік қызметшілер мен азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған бұл жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты бақылауда болып, заңдылықты қамтамасыз ету және алдын алу шаралары жүйелі түрде өз жалғасын табатын болады.

**К.АКБАРОВ,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы.**

Халыққа қызмет көрсету орталығында

# ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының Қарағанды облысы бойынша филиалы электрондық кезек талондарын алдын ала брондау жөніндегі пилоттық жобаның іске қосылғаны туралы хабарлайды.**

Жоба 2026 жылдың 20 ақпанынан бастап аудан орталығы-Ақсу-Аюлы ауылының Халыққа қызмет көрсету бөлімінде күшіне енді.

Жаңа сервис азаматтарға сапардың қажетті күні мен уақытын алдын ала таңдауға мүмкіндік береді. Ол үшін "ЦОН" мобильді қосымшасын, электрондық үкімет порталын немесе 1414 «Бірыңғай байланыс орталығын» пайдалануға болады. Брондаудан кейін өтініш беруші растауы бар SMS-хабарлама алады.

Бұдан басқа, дайын құжаттарды беру және өзіне-өзі қызмет көрсету секторының қызметтері, бұрынғыдай, алдын ала жазылусыз көрсетілетін болады.

Ерекше жағдайларда және алдын ала брондау мүмкіндігі болмаған жағдайда егде жастағы азаматтарға, ҰОС ардагерлеріне, мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ шетел азаматтарына арналған бір жұмыс орны көзделгенін атап өтеміз.

Сондай-ақ, «ЦОН» мобильді қосымшасын пайдалану үшін ЖСН және телефон нөмірі арқылы авторизациядан өту қажет екенін еске саламыз (қосымша App Store және Google Play платформаларында қолжетімді).

Пилоттық жобаны енгізу жаңа жүйенің ыңғайлылығы мен тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда функционалдылықты кеңейту алдында жақсартулар енгізуге мүмкіндік береді.

Пилоттық режим шеңберінде алдын ала брондау жүйесінің қажеттілігі мен тиімділігіне бағалау жүргізілетін болады. Талдау нәтижелері бойынша сервистің функционалын одан әрі енгізудің және ықтимал кеңейтудің орындылығы туралы шешім қабылданады.



Аудандық мәслихатта

# Аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXIX-сессиясы туралы АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

**Аудан әкімінің ұсынысымен 2026 жылдың 25 ақпанында аудандық мәслихаттың кезектен тыс жиырма тоғызыншы сессиясы онлайн режимінде шақырылды.**

**Сессия жұмысын аудандық мәслихаттың төрағасы Саят Социал ашып, жүргізіп отырды.**

Сессия жұмысына сондай-ақ, аудан әкімінің орынбасарлары, ауданның мекеме басшылары, ауылдық округтер мен кенттер әкімдері, сонымен қатар, саяси партиялардың құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдастырушылары мен қоғамдық ұйымдардың төрағалары онлайн режимінде қатысты.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс жиырма тоғызыншы сессиясының қарауына мынандай мәселелер ұсынылды.

1. Аудандық мәслихаттың 2025 жылғы 19 желтоқсандағы XXVIII-сессиясының «2026- 2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №28/247 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

2. Аудандық мәслихаттың 2025 жылғы 19 желтоқсандағы XXVIII-сессиясының «Шет ауданының ауылдық округ және кенттерінің 2026-2028 жылдарға арналған бюджеттерін бекіту туралы» №28/259 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

3. «Шет аудандық мәслихаты аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы» 2023 жылғы 25 сәуірдегі №2/18 шешімінің күшін жою туралы.

Депутаттар сессияның күн тәртібін бірауыздан қолдап, бекітті.

Кезектен тыс сессияда қаралған аудандық мәслихаттың 2025 жылғы 19 желтоқсандағы XXVIII-сессиясының «2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №28/247 шешіміне өзгерістер енгізу туралы және аудандық мәслихаттың 2025 жылғы 19 желтоқсандағы XXVIII-сессиясының «Шет ауданының ауылдық округ және кенттерінің 2026-2028 жылдарға арналған бюджеттерін бекіту туралы» №28/259 шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселелер бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің сектор меңгерушісі Р.Сүлейменов хабарлама жасап, аудандық бюджетке өзгерістер енгізіліп отырған себебі, әлеуметтік салықтан 823 734 мың теңге түскені. Негізінен қаржының бөлу жобасы - ғимараттарды сатып алу, су құбыры желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, санитарлық тазалық шараларын жүзеге асыру, балалар ойын алаңдарын орнатуға бөлінген.

Депутаттар С.Социал, Қ.Жакупбеков, Б.Бадановтар Ортау ауылындағы өрт сөндіру бекетінің автокөліктеріне жанар-жағар май және көмір отына қаржы бөлу, Ортау ауылына кіре берісіндегі 12 шақырым жол, Қызылтау мен Ортау елді мекендері арасындағы тас жолдарын күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы ұсыныс-пікірлерін айтты.

Кезектен тыс сессия барысында депутаттар тарапынан түскен сұрақтарға аудан әкімінің орынбасары Д.Кәрсембаев, аудандық экономика және қаржы бөлімінің сектор меңгерушісі Р.Сүлейменов түсініктемелер жасады.

Қаралып отырған мәселелер бойынша аудандық мәслихаттың депутаттары бірауыздан шешімдерін бекітті.

Осымен сессия өзінің жұмысын аяқтады.

**Аудандық мәслихат.**

15 НАУРЫЗ МАРТА

**№2 Модуль**

**«Республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне енгізілуін тексеру туралы»**

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізіміне өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.**

15 НАУРЫЗ МАРТА

**№2 Модуль**

**«О проверке включения в список граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме»**

Гражданин Республики Казахстан, достигший на день голосования 18-летнего возраста, имеет право участвовать в республиканском референдуме, назначенном на 15 марта 2026 года.

Списки составляются акиматами на основании Вашей постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. При отсутствии постоянной регистрации Вы вправе зарегистрироваться в качестве голосующего в соответствующем местном исполнительном органе с момента назначения референдума. Участки для голосования создаются решениями соответствующих акимов и их границы публикуются в средствах массовой информации.

С 27 февраля 2026 года на своём участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме.

Важен голос каждого из нас!

**Центральная комиссия референдума Республики Казахстан.**

Заң мен тәртіп

# ЕЛ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ ТІРЕГІ

**Қоғамның тыныштығы мен мемлекеттің тұрақтылығы ең алдымен заң мен тәртіптің сақталуына байланысты. Ел Президенті атап өткендей, "Заң үстемдігі орнаған жерде әділдік, ал әділдік бар жерде тұрақтылық пен даму болады". Сондықтан да, заң мен тәртіпті сақтау - барша азаматтың қасиетті борышы, әрі ортақ жауапкершілігі.**

Бүгінгі таңда мемлекетімізде құқықтық саясаттың жаңа тұжырымдамасы қабылданып, заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі реформалар жүзеге асуда. Бұл тұжырымдаманың басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, әділ сот төрелігін қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, және құқық органдарының ашықтығын арттыру.Заң мен тәртіпті сақтау тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың саналы ұстанымына айналуы тиіс. Әркім өз құқығын біліп, өзгенің де құқығын құрметтесе, қоғамда әділдік болатыны сөзсіз. Тәртіп бар жерде, тәрбие, тәрбие бар жерде - рухани мәдениет қалыптасады.

Біздің мақсат – заңға бағынған, тәртіпке мойынсұнған, әділдікті ту еткен қоғам құру. Себебі "Тәртіпке бас иген ел – өркендейді, тәртіпсіз ел – кері кетеді" деген дана сөз бүгінде өз маңызын жойған жоқ. Заң мен тәртіп тұжырымдамасын кеңінен насихаттау – мемлекетіміздің болашағына салынған берік іргетас. Әрбір азаматтың құқықтық сауаттылығы мен заңға деген құрметі – тәуелсіз еліміздің мәңгілік тұғырының кепілі.

Осыған орай, жуырда Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейінде «Заң мен тәртіп» идеологемасы аясында «Азаматтық белдсенділік және заңға бағыну» атты дөңгелек үстел өткізілді. Бұл айтулы шара ауданымыздың ардагерлер кеңесінің төрағасы Ө.Қызылов, аналар кеңесінің төрайымы Г.Ахметова, «Шет шұғыласы» газетінің жауапты хатшысы С.Жосалбай, Ақсу-Аюлы ауылдық округінің ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қ.Жуасбаев, ақсақалдар алқасының төрағасы Ә.Смағұлұлы, жастар ресурстық орталығының директоры М.Ибрайкин, аудан бойынша кәсіпкерлер палатасының директоры О.Сейілбеков, музей басшысы С.Қамытбаева және Ж.Ақылбаев атындағы 10 сынып оқушыларының қатысуымен өтті. Кездесудің басты мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру және заң талаптарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылды.



Кездесу барысында спикерлер заңға бағынудың қоғам тұрақтылығындағы маңызына ерекше тоқталып, әрбір азаматтың өз құқығы мен міндетін білуі – ел болашағының кепілі екенін атап өтті. Жастар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, ашық пікір алмасты. Аға буын өкілдері жастарға өз құқықтарын білумен қатар, міндеттерін орындаудың да маңызды екенін атап өтті. Заңға бағыну- тәртіптің, тұрақтылықтың және қауіпсіз қоғамның негізі екені ерекше айтылды. Кездесу кезінде оқушылар тарапынан түрлі сұрақтар қойылып, ашық пікір алмасу алаңы қалыптасты. Әсіресе, әлеуметтік желідегі мәдениет, қоғамдық орындардағы тәртіп, еріктілік қызмет пен қоғамға пайда келтіру жолдары талқыланды. Қатысушылар нақты мысалдар келтіріп, өздерінің жеке өмірлік тәжірбиелерімен бөлісіп, заң талаптарын сақтау – тек міндет емес, әр азаматтың ішкі мәдениеті мен жауапкершілігінің көрсеткіші екенін жеткізді. Шара соңында "Азаматтық белсенділік және заңға бағыну" тақырыбындағы слайд көрсетілімі жүргізілді, сонымен қатар, алдағы уақытта осындай тағылымды кездесулер жалғасын табатыны айтылды.

**Өз тілшімізден.**

Біздің сұхбат

# СОТТЫҢ БЕДЕЛІ - МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕДЕЛІ

**Өткен жылдың қорытындысы бойынша Шет аудандық сотының төрағасы Сәкенов Серік Төлегенұлымен сұхбаттасқан едік.**

**- Серік Төлегенұлы елдегі әділет пен тұрақтылықтың кепілі болғандықтан, сот саласына артылар салмақ та, жүктелер жауаптылық та жоғары екені белгілі. Шет аудандық соты бұл межеден шыға алып отыр ма?**

- Зайырлы, дамыған мемлекетте азаматтардың құқығы мен бостандығының сапалы қорғалуы басты орында тұрады. Ал заң үстемдігі орнап, тараптар теңдігіне қол жеткізуде соттың рөлі орасан. Төрелік алаңындағы әрбір істің дұрыс сарапталып, әділ түйінделуі сотқа деген сенімді нығайтады. Бүгінгі біз бағдар етіп отырған реформалардың да басты мақсаты - отандық сотқа деген оң көзқарасты орнықтырумен тікелей байланысты.

**- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Мұндай бастама барлық саланың жұмыс ырғағына жаңашылдық әкелері даусыз, бұл туралы пікіріңіз қандай?**

- Әрине, цифрландыру мен жасанды интелект жетістіктерін меңгеру бүгінгі заманның басты ұстанымы. Президентіміз өзінің берген сұхбатында бұл бастаманың мақсаты мен маңызына жанжақты тоқталып: «Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл - қазіргі жаңа технология дәуірінде өркениетті ел болып қалудың бірден-бір жолы» дей келе, мемлекеттің алдағы бағыт-бағдарын нақты айқындап берді. Соның ішінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қолданысқа енгізілген «цифрлық сот талдауы» жүйесінің шоқтығы биік. Бұл жүйе сот актілерінің мәтіндеріндегі түйінді сөздерді бірден тауып, судьяларға сот шешімдерінің мәнін түсінуге, оларды бір-бірімен салыстыруға, ауытқулардың анықтауға және азаматтық істің нәтижесін болжауға көмектеседі. Мұндай жаңашылдық сот актілерінің үлгісін тереңірек және дәлірек түсінуге жол ашады әрі сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етіп, судьяларға ұқсас істердің нәтижесін қарап, сауатты, сапалы шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

**- Сот жұмысының басты қазысы да, сыншысы да халық. Аудандық сот төрағасы ретінде азаматтарды жиі қабылдайсыз ба? Халықтың**



**пікірін, ұсынысын қаншалықты ескересіз?**

- Азаматтарды қабылдау -сот ашықтығының кепілі. Сот жүйесі ашық қана емес, халыққа қол жетімді де болуы керек. Сондықтан тұрғындарды белгіленген уақытта жеке қабылдап, құқықтық кеңес беруге тұрақты көңіл бөліп келеміз. Бұдан бөлек, ауылдық округтермен жергілікті халықпен жүздесуді, пікір - ұсыныстарын тыңдау жүйелі жүргізіледі. Қабылдау барысында да азаматтардың қойған сауалдарына тыңғылықты жауап беріп, құқықтық, заңдық кеңес береміз. Сот төрағасының азаматтарды қабылдау күні әр аптаның дүйсенбі және бейсенбі күндері сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін болатындығы, ал шалғай елді мекеннен келген азаматтар үшін кез келген уақытта қабылдау жүргізілетіндігі, шұғыл сұрақтары туындаған азаматтар болса, мүмкіндігінше сол уақытта жауап беріледі.

**- Сот - дау алаңы. Ал дауды сот алаңында шешу көп уақыт алатыны, қаржылық қиындық тудырып, жүйкеге салмақ салатыны ешкімге жасырын емес. Ел ішіндегі сыйластықты сақтап, даукесті азайту, сот жүктемесін мейлінше төмендету мақсатында медиация институтының енгізілгені мәлім. Татуластыру тетіктерін тараптар жиі қолдана ма?**

- Жалпы, бітімгершілік - төрелік етудің озық өнегесі. «Кең болсаң, кем болмайсың» дегенді ұрпағының құлағына құйып тәрбиелеген халық үшін бітімгершіліктің басты орында болып келгені рас. Тентегін түрмесіз-ақ тәрбиелеген қазақ даласында даулардың ортақ мәмілемен біткені шындық. Ендеше, аты таңсық көрінгенімен, медиация- қазақ билерінің төрелік ету дәстүрінің жалғасы. Дауларды сотқа дейін шешудің тиімді тетігі ретінде тәжірбиеге енгізілген медиация - тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі болып табылады. Аталаған заңға сәйкес, медиация-жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық, құқықтық қатынастарға, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарға, қылмыстық, әкімшілік сот ісін жүргізу барысында қаралатын дауларға тараптардың ниеті болған жағдайда қолданылады.

**- Ал медиация бойынша көрсеткіштер көңілден шыға ма?**

- Бүгінде азаматтық сот өндірісінде дауларды татуласу арқылы шешу-сот жүйесінің маңызды бағытының бірі. Татуластыру рәсімдері қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыруға, азаматтардың уақытын үнемдеуге және сот жүктемесін азайтуға бағытталған тиімді құрал десек шындықтан алыстамаймыз.

Азаматтық істер санамен 2025 жылы істер мен материалдар 1192 түскен. Оның 975 ісі шешім мен ұйғарым шығумен қаралған. 53 іс қысқартылған, оның ішінде азаматтық іс медиация тәртібімен 49 аяқталған, бітімгершілікпен 4 іс аяқталған. Ал, осы санатта 2024 жылдың 12 айында барлығы азаматтық істер мен материалдар 872 түскен. Оның: 676 іспен шешім мен ұйғарым шығумен қаралған. 27 іс қысқартылған, оның ішінде 21 азаматтық іс медиация тәртібімен, қалғаны бітімгершілікпен аяқталған. Яғни, 2024-2025жылды салыстырғанда істің татуласумен аяқталуы 51% өскен.

2024 жылы 872 азаматтық істер мен материалдар болса, 2025 жылы 1192 істер мен материалдар түскен. Яғни, 73% істер мен материалдар саны артқан.

Қазіргі жаһандану дәуірінде мемлекеттердің дамуы олардың жаңғыру қабілетіне тікелей байланысты. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері тұрақты даму жолын таңдап, кезең-кезеңмен модернизация жүргізіп келеді. Яғни, бұл-заман талабы. Әлем тез өзгеріп жатыр, ал бәсекеге қабілетті болу үшін ел де соған сай бейімделуі тиіс. Соттың беделі - мемлекеттің беделі дегім келеді.

**- Сұхбаттасқаныңызға рахмет.**

**Сұхбаттасқан**
**С.ЖОСАЛБАЙ.**

Иманы кемел ел мықты!

# БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУ - ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ТҰРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ БАСЫМДЫҒЫ

**Қазіргі жаһандану дәуірінде діни экстремизм мен терроризм бүкіл адамзатқа ортақ қауіпке айналып отыр. Бұл құбылыстар қоғамның тұрақтылығын бұзып, адамдар арасындағы сенім мен татулыққа сызат түсіреді. Осындай күрделі жағдайда бейбітшілік пен келісімді нығайту - экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудың ең тиімді әрі маңызды басымдықтарының бірі болып табылады.**

Бейбітшілік пен келісім - қоғамдағы тұрақтылықтың, қауіпсіздіктің және дамудың негізі. Әртүрлі дін өкілдері мен ұлттардың өзара түсіністік пен сыйластықта өмір сүруі радикалды идеялардың таралуына жол бермейді. Ал алауыздық, төзімсіздік пен әлеуметтік әділетсіздік керісінше, экстремистік көзқарастардың пайда болуына қолайлы орта қалыптастырады.

Діни экстремизм көбінесе адамдардың діни сауатының төмендігін, жалған ақпарат пен адастырушы уағыздардың әсерін пайдаланады. Сондықтан қоғамда бейбітшілік мәдениетін қалыптастыру, діни толеранттылықты дамыту және ағартушылық жұмыстарды күшейту аса маңызды. Діннің шынайы гуманистік құндылықтарын түсіндіру арқылы зорлық-зомбылықты ақтайтын радикалды идеологияларға қарсы тұруға болады.

Келісім мен татулықты нығайтуда мемлекеттің зайырлы қағидаттарды ұстануы да шешуші рөл атқарады. Зайырлы мемлекет дінге бейтарап қарай отырып, барлық азаматтардың ар-ождан бостандығын қорғайды және заң үстемдігін қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде діни сенім негізінде кемсітушілікке немесе қақтығыстарға жол бермеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, отбасы, білім беру ұйымдары мен бұқаралық ақпарат құралдары бейбітшілік пен келісім идеяларын насихаттауда үлкен жауапкершілікке ие. Жастарды отансүйгіштікке, адамгершілікке, өзге пікірге құрметпен қарауға тәрбиелеу - экстремизмнің алдын алудың маңызды тетігі. Саналы, сыни ойлай алатын ұрпақ радикалды ағымдардың жетегінде кетпейді.

Қазақстан сияқты көпұлтты және көпконфессиялы ел үшін бейбітшілік пен келісімді сақтау - ұлттық қауіпсіздіктің басты шарттарының бірі. Елдегі тұрақтылық пен өзара сенім діни экстремизм мен терроризмге қарсы тұруда мықты қорған болып табылады.

**Бексұлтан АХМЕТОВ,**
**Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі.**

1 наурыз - Алғыс айту күні

# БҰЛ КҮН - МЕЙІРІМДІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

Көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келген мерекеде барша қазақстандықтар алғыс айту күнін атап өтеді.

Алғыс айту күні – бұл ең алдымен елімізде тыныштық пен өзара сенімділік, барлық Қазақстандықтардың бір-біріне деген құрметінің орнығуына негіз болатын идея. Алғыс айту күні – бұл ең алдымен елімізде тыныштық пен өзара сенімділік, барлық Қазақстандықтардың бір-біріне деген құрметінің орнығуына негіз болатын идеясы.

Тарихы терең, шежіресі мол қазақ халқы қашаннан да бауыры кең, құшағы ашық ел болғанын барша жұрт мойындайды. Оны біз жеріміздің кеңдігімен, пейіліміздің дарханлығымен ғана емес, ынтымақты бірлігімізбен де дәлелдеп отырмыз.

Бүгінде тәуелсіз елімізде сандаған ұлт өкілдері қоян қолтық етене араласып, өмір сүруде. Егемендікті еншілеген қазақ елі тірлігімізді түзеп, көркейіп келеміз. Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Еремен еліміздің бағындырған барлық белестері, жеткен жетістіктері, шыққан шыңдары – осы бірлікпен келіп отыр. Ауызбіршілік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтас-тығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз даму үстінде.

Біздің ауданымызда жергілікті халықтың дархандығының арқасында бүгінде бірнеше ұлт өкілдері өмір сүріп жатыр.

Баршаңызды көктемнің алғашқы мерекесі "Алғыс айту" күнімен шын жүректен құттықтаймын. Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен салауаты болсын): «Кімде-кім азға шүкір етпесе, көпке де шүкірсіз болады. Ал, кім адамдардың (жақсылықтарына) алғыс айтпаса, Аллаға да шүкірсіз болғаны. Алланың нығметтерін айтып жүру шүкірліктің (белгісі), оны жасыру – күпірлік. Ауызбір-шілікте болу – мейірім, ал бөліну – азап» дейді.

Осы мерекеде әр отбасыға бақ-береке, бақыт пен молшылық тілеймін. Аллаға бүгінгі күніміз үшін сансыз шүкірлер айта отырып, ата-аналарымызға, ағайын-бауырға, ел қамын ойлаған ағаларға, барша елім деп еміренген жамағатқа алғыс айтамын.

Сонымен қатар, елімізде тыныштық пен татулық, сенімділік пен құрмет орнатқан үшін, ынтымағы жарасқан, бірлігі бекем бақ қонған «Қазақ Еліне» де мың алғыс айтамын.

**Берік АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
**аудандық Жаңкұтты би мешітінің имамы.**

# ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРЫҒЫ - ЖҮРЕКТЕН

«Алғыс - ізгіліктің айнасы» дейді дана халқымыз. Ризашылық білдіру - үлкен мәдениет, биік парасат. Алғыс - адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай-ақ, оның ойы мен іс - әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі. Ризашылық - адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезімі. Адамдар арасындағы ынтымақты қарымқатынастың орнауы әр адамның өзіне және қоршаған ортасына тікелей байланысты. Осындай ұғымның өміршеңдігін айқындаған Нұра ЖББ мектепішілік іс-шара ұжым мен оқушылар үшін есте қаларлық сәттердің біріне айналды.

Бұл жолғы шара білім алушылардың өнерін ұштап, сахна мәдениетін қалыптастыруға бағытталды. Балалар ән айтып, көрініс қойып, өз қабілеттерін еркін көрсетті. Әр бөлімнің мазмұны жинақы құрылып, көрерменге әсерлі жеткізілді. Дайындық барысында жауапкершілік пен ұйымшылдық айқын байқалды.

Мектепішілік шараның өз мәнінде өтуіне атсалысқан 1996-2002 жылы туған мектеп түлектері демеушілік жасап, қаржылай қолдау көрсетті. Залдың эстетикалық талапқа сай рәсімделуі кештің көркін ашып, ерекше атмосфера қалыптастырды. Бұл - білім ошағына деген құрметтің, ұстаздар еңбегіне деген ілтипаттың жарқын көрінісі. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген нақыл



осындай сәттерде ойға оралады.

Сонымен қатар, ауыл кәсіпкері Нұргүл Аманкелдіқызы оқушыларға сый сияпат ұсынып, әр баланың мерекелік көңіл күйін еселей түсті. Табысталған тартулар балалар үшін күтпеген қуаныш болды. Шәкірттердің жүзіндегі шаттық пен ризашылық сезімі сол сәттің шынайы бағасына айналып, алғыс білдірілді.

Ұйымдастырушы ұстаз ретінде осындай қолдаудың маңызын ерекше атап өткім келеді. Ортақ іске атсалысу - өскелең ұрпаққа деген жауапкершіліктің белгісі. Қамқорлықты сезінген бала жүрегі мейірімге жақын, жақсылыққа құштар болып өседі. Ынтымақ пен жанашырлық ұштасқанда ғана тәрбие жұмысы нәтижелі болмақ.

Жақсылықтың құны оның көлемінде емес, шынайылығында. Көрсетілген қолдау - балалардың жүрегінде жылы із қалдырды, ұжым жұмысына серпін берді. Ізгі ниетпен жасалған әр әрекет болашаққа бағытталған қадам екені сөзсіз.

Алғыс айту күні күн ел тарихын еске түсірудің бір себебі. Бұл күні адамдар бір-біріне, ата-аналарына, балаларына алғыс айтады, бірге өткізген уақыттарын еске алады, отбасымен және достарымен бірге уақыт өткізеді. Бір сөзбен айтқанда, Алғыс айту күні - адамдардың бір-бірімен достық, отбасылық және оң қарымқатынас орнатуға қадам жасайтын уақыты. Алғыс айту күні ренжісіп қалғандар татуласып, бір-бірінен кешірім сұрап, айналасындағыларға алғыс айтулары керек.

Ортақ іске үлес қосқан азаматтарға шын жүректен алғыс білдіреміз. Жомарттық пен кеңпейілділік әрдайым серік болып, жасаған жақсылықтарыңыз өздеріңізге еселеніп қайтсын.

Қазақ халқы - жомарттығымен танылған дана халық. Қазақстан - сонау тарихта тағдыр тауқыметін тартқан талай халықты бауырына басқан ел.

Еліміз егемендік алғанға дейін талай қиындықтарды бастан өткерсе де, өзге ұлт өкілдеріне қамқорлық жасай білді. Сондықтан кең болсақ, кем болмаймыз. Бірлігіміз мен татулығымызға сызат түспесін дегім келеді.

**Несіпжан МАДЫҚАНОВА,**
**Нұра ЖББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Мереке шуағы

# МАСЛЕНИЦА МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ

Жақында Красная поляна ауылында Масленица мерекесі ауыл тұрғындарының қатысуымен өте ұйымшылдықпен аталып өтті. Масленица дегеніміз - бұл қыс айының аяқталуы мен көктемнің келуін



тойлайтын көп күндік халықтық мерекені шығыс славяндары ораза алдындағы бір апта ішінде атап өтеді. Бұл жарқын мерекеге ауылдың үлкен кішісі үшін қызықты болды. Бұл мереке «Шерубай Су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Шибанов Сергей Александрович мырза қаражат бөліп, қолдау білдіріп мерекенің өз мәнінде өтуіне атсалыса білді. Сонымен қатар, ауыл тұрғын-дарының ауызбіршілігінің арқасында ұйымдастырылғанын айта кетуге болады.

Мерекелік іс-шара барысында түрлі ұлттық ойындар мен қызықты байқаулар өткізіліп, тұрғындар көптеп жұмылдырылды. Мәселен арқан тартыс сайысы өте қызықты өткізілсе, «Самые лучшие блины» байқауында үздік танылған жеңімпаздар мен спорттық жарысқа белсенді қатысушыларға жақсы, бағалы сыйлықтар берілді. Ауылымыздың тұрғыны Лукашанец Елена Ивановна баян тартып, ән шырқап, мерекенің сәнін келтірді. Ал, Ряснянская Татьяна Григорьевна мен Красовская Гальчира Зайдулловна мерекені жүргізіп, түрлі ойындар ұйымдастырды. Сонымен қатар, Уланова Елена Сергеевна чучело жасап, мерекенің көркін арт-тырды. Сондай-ақ, шарада тегін жәрмеңкеде ұйымдас-тырылғанын айта кетуге болады.

Красная поляна ауылының жұртшылығы Бекет ауылынан келген адамдарымен бірлесіп, кең дастарқан жайып, самауырынмен шай қойып ұсынып жатса, енді біреулері тұшпара пісіріп, мерекеге келген ауыл тұрғындарына ұсынды. Олар бұл шарада ұйымшылдық пен татулықтың үлгісін көрсете білді. Мерекелік шараға келген балалар мен ауыл тұрғындары белсене қатысып, мереке көтеріңкі көңіл-күйде өтті.





Осындай игі бастамаларға қолдау көрсеткен барша азаматтарға шын-айы алғысымызды білдіреміз. Бірлігіміз бекем болсын демекпін!

***Жазира АМАЛБАЕВА,***
**мәдениет үйінің көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшісі. Красная поляна ауылы.**

Мұқағали Мақатаевтың туғанына - 95 жыл

# ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ҚҰЛАГЕРІ

Бүгін Мұқағали жұлдызы қазақ өлеңінің аспанында ерекше нұрланып, жанып, жарқырап көрініп тұр. Сұлтанмахмұт, Ілияс, Қасым жұлдыздарындай көзге оттай басылып, ыстық көрінетін ол жұлдызды басқалардың жұлдыздарымен шатастыру мүмкін емес. Атырауға барсаңда, Арқа мен Алтайға барсаңда алдыңнан Мұқағали шығады, Мұқағали жұлдызы жарқырайды. Нағыз өнер құдіреті деген осы. Бұл - поэзия құдыреті. М.Мақатаев - ғажайып, ақиық, гуманист ақын. Ол бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дауыстардан шабыт алатын ақын. Ақын өлеңдерін оқыған сайын ақиқат бейнелі рух, сезім мен сананың бірлігі көңілге ұялайды. Аламан бәйгеге оза шауып, өлең-жырда шамасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік, тағдырлы талантты тұлға.

Бүгін менің туған күнім,
Ой, пәлі-ай!
Мына адамдар неге
жатыр тойламай?!
Банкет жасап берер едім
өзім-ақ,
Тәңірдің бір жарытпай-ақ
қойғаны-ай!», -

деп мұңданған ақынның өмірден өткеннен кейінгі, туған күндері халық болып тойланатын болды.

Осы мақсатта М.Мақатаевтің 95 жылдығына орай Ортау ауылдық кітапханасында «Қара өлеңнің құлагері» атты поэзия сағаты өткізілді. Іс - шараға оқушылар, мұғалімдер, мамандар қатысты. Хантәңірдің биік шоқтығындай болған ақын өлеңдеріне кезек беріліп, әкімшіліктің бас маманы Мұқыш Нұржан «Үш бақытым», әкімшілік маманы Жеңіс Жансая «Шыда», 5 сынып оқушысы Болат Кәусар «Отаным» атты өлеңдерін мәнерлеп, нақышына келтіре орындады.




Тағдырлы, талантты ақынның өмір жолымен кітапханашы таныстырып өтті. Қазіргі таңда ақынның сөзіне жазылған әндер эстрада төрінде шырқалып жүр.

Кеште мәдениет үйінің меңгерушісі Е.Тілеуханов домбырамен «Дариға, домбырамды берші маған» атты өлеңін шашу етті. Бүгінде ақын өлеңдері, поэзия сүйер қауым іздеп жүріп оқитын жырына айналды. Оқушылар Дүйсенбай Серікбол, Дүйсенбай Нұрислам іс-шараға белсенді қатысты. «Ақынның жыр әлемі» атты кітап көрмесі ұсынылып, библиографиялық шолу жасалынды. Онда ақынның жыр жинақтары қай жылы, қай баспада басылып шыққаны туралы, кітапсүйер қауымды Мұқағали өлеңдерін оқуға кеңес бердім.

Кеш соңында тұрақты оқырман, мектеп кітапханашысы Карибекова Мадина «Сенің көзің» атты өлеңін өте тамаша орындады.

«Ғасыр ақыны» атанған Мұқағали жырлары жылдан жылға, ғасырдан ғасырға жалғаса бермек. Мұқағали мәңгілік өмір.

**Бекзат ТАЙЖАНОВА,**
**ауыл кітапханашысы**
**Ортау ауылы.**

# ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ХАНТӘҢІРІ

